

Химия пәнінен оқушылардың 46-шы Халықаралық Менделеев олимпиадасын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 27 наурыздағы № 59-ө
Өкімі

2012 жылғы 23 – 30 сәуірде Астана қаласында химия пәнінен оқушылардың 46-шы Халықаралық Менделеев олимпиадасын (бұдан әрі – Менделеев олимпиадасы) дайындау және өткізу мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Менделеев олимпиадасын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы;

2) Менделеев олимпиадасын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар Жоспарда көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2012 жылғы 15 мамырға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Менделеев олимпиадасының қорытындылары туралы ақпарат берсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 7

н а у р ы з д а ғ ы

№

5 9 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

Химия пәнінен оқушылардың 46-шы Халықаралық Менделеев олимпиадасын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы

**Ескерту. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2012.04.25 № 87-ө
Өкімімен.**

Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлы	–	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі, төраға
Тасмағамбетов Иманғали Нұрғалиұлы	–	Астана қаласының әкімі, төрағаның орынбасары

Ғ а л ы м о в а Әлия Қайратқызы		Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысы, төрағаның орынбасары
Қ и р а б а е в а Шолпан Ақашқызы	-	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры, хатшы
Ұйымдастыру комитетінің мүшелері		
Қ а й ы р б е к о в а Салидат Зекенқызы	-	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі
С а р ы б е к о в Махметғали Нұрғалиұлы		Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі
Ж ұ м а ғ а л и е в Асқар Қуанышұлы	-	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі
М ы ң б а й Дархан Қамзабекұлы	-	Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі
Қ а с ы м о в Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы	-	Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі
Ж ә м і ш е в Болат Бидахметұлы	-	Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
Ы р ы с қ а л и Дәуренбек Рақымұлы	-	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаментінің директоры

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 7

н а у р ы з д а ғ ы

№ 5 9 - ө ө к і м і м е н

бекітілген

Химия пәнінен оқушылардың 46-шы Халықаралық Менделеев олимпиадасын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с №	Атауы	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4
1.	Менделеев олимпиадасына дайындалу және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті мен хатшылықтың жұмысы	2012 жылғы наурыз	БҒМ
2.	Олимпиаданың баспасөз орталығының қызметін ұйымдастыру, Менделеев олимпиадасының веб-порталын құру және оның жұмыс істеуі	2012 жылғы наурыз – сәуір	БҒМ
3.	Менделеев олимпиадасын халықаралық ұйымдастыру комитетінің алдын ала отырысын өткізу	2012 жылғы наурыз	БҒМ
4.	Менделеев олимпиадасының эмблемасы мен медальдарының эскиздерін әзірлеуді, кәдесыйлар,	2012 жылғы наурыз	БҒМ

	жарнама өнімдерін және сертификаттар дайындауды ұйымдастыру		
5.	Ресми адамдар мен Менделеев олимпиадасына қатысушылар тұратын, іс-шаралар өткізілетін орындарда қоғамдық тәртіпті, олардың қауіпсіздігін, сондай-ақ қозғалыс бағыты бойынша бірге жүруді қамтамасыз ету	2012 жылғы сәуір	ИМ, БҒМ
6.	Менделеев олимпиадасына қатысушыларға мәдени-экскурсиялық бағдарламаларды әзірлеу және қызмет көрсетуді ұйымдастыру	2012 жылғы наурыз – сәуір	БҒМ, Астана қаласының әкімдігі
7.	Менделеев олимпиадасына қатысушылардың (қазылар алқасы, жетекшілер, оқушылар) жатын орындарын, тамақтануын ұйымдастыру	2012 жылғы сәуір	БҒМ, Астана қаласының әкімдігі
8.	Менделеев олимпиадасына қатысушыларға медициналық қызмет көрсетуді, олимпиада қатысушылары тұратын орындарға медициналық персоналдың кезекшілігін ұйымдастыру	2012 жылғы сәуір	ДСМ, БҒМ, Астана қаласының әкімдігі
9.	Менделеев олимпиадасын өткізу кезінде делегациялармен бірге жүру	2012 жылғы сәуір	БҒМ, Астана қаласының әкімдігі
10.	Менделеев олимпиадасының ашылу және жабылу салтанатты рәсімдерін өткізу сценарийін әзірлеу	2012 жылғы наурыз	БҒМ, МАМ
11.	Халықаралық қазылар алқасының және команда жетекшілерінің қызметін қамтамасыз ету үшін үй-жайларды техникалық жабдықтау, сервер және жұмыс станциялары бар ақпараттық есептеу желісін құру	2012 жылғы сәуір	БҒМ
12.	Менделеев олимпиадасына қатысушыларды күтіп алуды және шығарып салуды ұйымдастыру	2012 жылғы сәуір	БҒМ, Астана қаласының әкімдігі
13.	Менделеев олимпиадасының қорытынды есебін қатысушы елдерге тарату	2012 жылғы мамыр	БҒМ
14.	Қазақстан Республикасының Үкіметіне Менделеев олимпиадасының қорытындысы туралы ақпарат беру	2012 жылғы мамыр	Б Ғ М 4
15.	Визалық қамтамасыз ету	2012 жылғы наурыз – сәуір	СІМ
16.	Бұқаралық ақпарат құралдарында олимпиада жеңімпаздарының жетістіктерін және дарынды балалармен жұмыс істейтін мұғалімдердің тәжірибелерін тарату, насихаттау	2012 жылғы мамыр	БҒМ, МАМ

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ИМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
Менделеев олимпиадасы - 46-шы Халықаралық Менделеев олимпиадасы
010 РБ бағдарлама - Республикалық бюджет: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 010 «Республикалық мектеп олимпиадаларын, конкурстарды, республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шараларды өткізу» бағдарламасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ